



№ 06-12/1019

03 / 04 / 2024

Маңғыстау облысының Бейнеу ауданын төтенше экологиялық жағдай аймағы немесе экологиялық зілзала аймағы деп жариялау болжанатын аумақты (акваторияны) зерделеу бойынша қорытынды

«Маңғыстау облысының Бейнеу ауданын төтенше экологиялық жағдай аймағы немесе экологиялық зілзала аймағы деп жариялау болжанатын аумақты (акваторияны) зерделеу мақсатындағы хаттамаға сәйкес Бейнеу ауданы аумағын «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының қолданылу аясына жататын аймақ санатына қосу үшін, Бейнеу ауданы аумағының жағдайын бағалау бойынша университет ғалымдары нақты зерттеу жүргізбеген.

Алайда, Маңғыстау облысы Бейнеу ауданының қоршаған табиғи ортасындағы ластаушы заттардың шекті рұқсат етілетін концентрациясының нормативтеріне мониторингтік талдау нәтижелері Маңғыстау облысы бойынша Экология департаментінің ақпараты бойынша бойынша РМК «Казгидромет» Маңғыстау облысы бойынша филиалының мәліметтері келтірілген. Бейнеу кентінің аумағындағы атмосфералық ауаның жағдайын бақылау 1 автоматты станцияда жүзеге асырылады. Жалпы аудан өте жоғары және жоғары ластану жағдайлары тіркелмеген. Соңғы бес жылдағы ластану деңгейі өзгерген жоқ және төмен деп бағаланған.

Маңғыстау облысы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің мәліметі бойынша Маңғыстау облысының Бейнеу ауданында қоршаған ортаның қауіпсіздігіне және физикалық факторлар деңгейлеріне санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг жүргізуге жоспар жасақталып, жыл бойы зерттеу жұмыстары жүргізілген. 2023 жылы атмосфералық ауа – 720, радиологиялық – 3340, электромагниттік өріс – 1300 сынама алынып, ауытқушылықтар анықталмағанын растайды.

Маңғыстау облыстық ауылшаруашылығы басқармасының мәліметі бойынша да Бейнеу ауданында экологиялық жағдайдың зардабынан ауыл шаруашылығы жануарлардың генетикалық қорының өзгерісі осы уақытқа дейін байқалмағандығын растайды.

Маңғыстау облысының Төтенше жағдайлар департаменті 2021-2024 жылдар аралығында Бейнеу ауданында экологиялық себептер бойынша төтенше жағдайлар тіркелмегенін растайды.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу үшін жергілікті атқарушы органдардың, уәкілетті органдардың қорытындысына сай ауытқушылықтар анықталмағанын растайды. Осы ақпараттарға сүйене отырып, Маңғыстау облысының Бейнеу ауданын төтенше экологиялық жағдай аймағы немесе экологиялық зілзала аймағы деп жариялау негізсіз деп есептейміз.

Бейнеу ауданы тұрғындарынан немесе уәкілетті органдардан экологиялық мәселеге қатысты шағымдар түсіп, қосымша зерттеулерді жүргізу қажет болып, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарына сай зерттеулерді жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын болса Есенов университеті ғалымдары бұл зерттеуді толық белсенді жүргізуге дайын. Есенов университеті ғалымдарының Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті гранттық қаржыландыру, базалық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясында мол тәжірибесі бар.

Вице-президент



Е.Т. Нұрмағанбет

**Ғылым және зерттеу
басқармасының басшысы**

С. Сырлыбекқызы



Жүнелбаева Г.

8(7292)788-259

gulnur.zhunelbayeva@yu.edu.kz